

"Ақтөбе ЖЭО" жабық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 631 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақтөбе ЖЭО" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурстық массасын сатудың мыналарды:

1) Қоғамның өндірістің технологиялық циклын қамтамасыз ететін мүлкін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;

2) лотты сатудың ең төменгі бағасын әкімшілік шығыстардың әрі бірінші және екінші кезектегі кредиторлардың талаптары сомасынан төмен емес етіп белгілеуді;

3) технологиялық циклдың үздіксіздігін сақтай отырып, банкроттық рәсімін өткізуді ;

4) Ақтөбе облысының әкімдігімен келісілген сатып алынатын мүлікті пайдалану бойынша өндірістік бағдарламасы бар тұлғалардың аукционға қатысуын көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Конкурстық масса объектілерін сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін :

1) қызмет бейінін, тұтынушылармен шарттарды және көрсетілетін қызметтер көлемін сақтау бойынша міндеттемелерді қабылдау;

2) электр және жылу энергиясын өндіру, беру мен тарату, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстар мен өткізгіш құбырларды пайдалану және жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың болуы;

3) технологиялық процеске қамтылған Қоғамның қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасуды қамтамасыз ету.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі